

## Республиканың жеңіл өнеркәсіп орындарын мақта талшығымен жабдықтауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 маусым 1994 ж. N 707. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті мақта-шикізатын өндірудің қол жеткен көлемі жеңіл өнеркәсіптің мақта талшығына қажеттілігін толық көлемде қанағаттандыратындығын атап өтеді. Бұған қарамастан республиканың жеңіл өнеркәсіп орындарының көпшілігінің өндірістік қуаты шикізаттың осы түрінің жеткіліксіздігінен жұмыспен қанағаттанғысыз қамтамасыз етілген, мұның өзі отандық халық тұтыну тауарларын өндіру деңгейіне теріс әсер етеді.

Жеңіл өнеркәсіп орындарын үстіміздегі және одан кейінгі жылдары шикізатпен жабдықтауды жақсарту, олардың жұмысын тұрақтандыру, жаппай сұранымдағы және бірінші қажеттегі халық тұтыну тауарларын өндіруді ұлғайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, аумақтық "Мақта" акционерлік компаниясы үстіміздегі жылдың екінші жарты жылдығында "Жеңілөнеркәсіп" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Южтекс" акционерлік қоғамының кәсіпорындарына шартты баға бойынша 23,4 мың тонна көлемде, оның ішінде III тоқсанда 11 мың тоннадан кем емес, одан "АММК-Озат" акционерлік қоғамына тиісінше 12,8 және 6,4 мың тонна, "Южтекске" - 6,2 және 2,4 мың тонна мақта-талшығын жөнелтуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1994 жылдың өнімінен бастап шикізаттың осы түріне тұтынушылардың республика ішінде 100 проценттік қанағаттануын есептей отырып мақта-шикізатты экспортқа шығару көлемін анықтайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі бір ай мерзім ішінде аумақтық "Мақта" акционерлік компаниясына кейіннен 1994 жылдың өнімінен ол үшін мақта-талшық беруді көздей отырып республика ішіндегі тұтынушылар үшін мақта-шикізатын сатып алуға Қазақстан Республикасының кепілдігімен 12 миллион АҚШ доллары көлемінде шет елдік валюталық кредит іздестіруді және бөлуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен үстіміздегі жылдың III тоқсанында мақта-шикізат және мақта-талшық сатып алу үшін аумақтық "Мақта" акционерлік компаниясы мен "АММК-Озат", "Ақ-жіп", "Южтекс" және "Атрико" акционерлік қоғамдарына 200 миллион теңге мөлшерінде нысаналы кредит ресурстарын бөлуді көздеу сұралсын.

5. Мақта өндірушілер мен ұқсатушылардың еңбектің түпкі нәтижесіне ынталылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып аумақтық "Мақта" акционерлік компаниясы мен "АММК-Озат", "Ақ-жіп", "Атрико" және "Южтекс" акционерлік қоғамдары кәсіпорындарының акцияларын өзара сатудың немесе мақта егуші шаруашылықтардың, мақта заводтарының және мақта-мата кәсіпорындарының бірыңғай аумақтық-салалық компанияларын құрудың мақсаттылығы жөніндегі мәселені зерттейтін болсын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*